9) әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада көзделген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғауға және тоқтатуға;

10) тексерістер жүргізумен байланысты құжаттар мен материалдарға заңнамада белгіленген тәртіппен қол жеткізуге;

11) нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеуге және қарауға қатысуға;

12) басқа мемлекеттердің мекемелерімен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жасауға;

13) заңдылықты және құқық тәртібін, қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету мақсатында құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы ақпараттық жүйелерді құруға және жетілдіруге қатысуға;

14) заңда көзделген өзге де әрекеттерді орындауға құқылы.

Солтүстік Қазақстан облысының прокуратурасы:

1) өз құзыретіне сәйкес адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін қорғауға;

2) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қараумен байланысты құжаттар мен материалдарды заңнамада көзделген шекте оларға танысуға ұсынуға;

3) заңдылықты бұзушылықтардың, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың алдын алу және анықтау, сондай-ақ кінәлі адамдарды жауаптылыққа тарту үшін заңда белгіленген тәртіппен прокурорлық ден қою актілерін және прокурорлық қадағалау актілерін қабылдауға;

4) тексерілетін субъектілердің қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіретін әрекеттерге (әрекетсіздікке) және актілердің қабылдануына жол бермеуге;

5) тексеріс барысында алынған құжаттар мен мәліметтердің сақталуын, мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;

6) заңсыз ұстап алынған және бас бостандығынан айыру орындарында, арнайы мекемелерде, мәжбүрлеу сипатындағы шараларды орындайтын мекемелерде, қызметтік үй-жайларда заңсыз ұсталатын адамдарды дереу босатуға;

7) өзінің қызметін халықтың сенімін арттыру басымдығымен жетілдіруге;

8) заңда көзделген өзге де өкілеттіктерді орындауға міндетті.

3. Солтүстік Қазақстан облысы прокуратурасының қызметін ұйымдастыру

17. Солтүстік Қазақстан облысы прокуратурасын басқаруды Солтүстік Қазақстан облысының прокуроры жүзеге асырады, ол Солтүстік Қазақстан облысының

прокуратурасына жүктелген міндеттерді орындауға және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

Солтүстік Қазақстан облысы прокурорының орынбасарлары бар.

18. Солтүстік Қазақстан облысының прокурорын және оның орынбасарларын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры қызметке тағайындайды және босатады.

19. Солтүстік Қазақстан облысы прокурорының негізгі өкілеттілігі:

1) Солтүстік Қазақстан облысы прокуратурасының жұмысын ұйымдастырады, оның қызметіне және төмен тұрған прокуратураларға басшылық жасайды;

2) Солтүстік Қазақстан облысының Заңдылықты, құқық тәртібін және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесін басқарады;

3) Солтүстік Қазақстан облысының прокуратурасы атынан сенімхатсыз әрекет етеді ;

4) басқа да мемлекеттік органдармен, сондай-ақ өзге де ұйымдармен өзара қарым-қатынастарда Солтүстік Қазақстан облысының прокуратурасы атынан өкілдік етеді;

5) барлық бағынысты қызметкерлер мен жұмыскерлер үшін міндетті бұйрықтар, өкімдер шығарады;

6) өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Солтүстік Қазақстан облысының прокуроры болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Солтүстік Қазақстан облысының прокурорымен тағайындалатын орынбасарларының бірі жүзеге асырады.

20. Солтүстік Қазақстан облысының прокуроры өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4. Солтүстік Қазақстан облысы прокуратурасының мүлкі

21. Солтүстік Қазақстан облысының прокуратурасы заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлікті иелене алады.

Солтүстік Қазақстан облысы прокуратурасының мүлкі оған мемлекет берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Солтүстік Қазақстан облысының прокуратурасына бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Солтүстік Қазақстан облысының прокуратурасы өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне

бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Солтүстік Қазақстан облысының прокуратурасын қайта ұйымдастыру және тарату

24. Солтүстік Қазақстан облысының прокуратурасын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2017 жылғы 3 қарашадағы
№ 126 бұйрығына
16-қосымша

Шығыс-Қазақстан облысының прокуратурасы туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Шығыс-Қазақстан облысының прокуратурасы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының аумақтық органы болып табылады, мемлекет атынан заңдылықтың сақталуын заңда белгіленген шекте және нысандарда жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

2. Шығыс-Қазақстан облысы прокуратурасының төмен тұрған прокуратуралары бар

3. Шығыс-Қазақстан облысының прокуратурасы өз қызметін Конституцияға, халықаралық шарттар мен Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне, осы Ережеге, сондай-ақ өзге де құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады.

4. Шығыс-Қазақстан облысының прокуратурасы мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрлері және өз атауы бар мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Шығыс-Қазақстан облысының прокуратурасы азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Шығыс-Қазақстан облысының прокуратурасы, егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Шығыс-Қазақстан облысының прокуратурасы өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Шығыс-Қазақстан облысы прокурорының бұйрығымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Шығыс-Қазақстан облысы прокуратурасының құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Шығыс-Қазақстан облысы прокуратурасының заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Шығыс-Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Пермитин көшесі, 21.

10. Шығыс-Қазақстан облысы прокуратурасының толық атауы – "Шығыс-Қазақстан облысының прокуратурасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Шығыс-Қазақстан облысы прокуратурасының құрылтай құжаты болып табылады.

12. Шығыс-Қазақстан облысы прокуратурасының қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Шығыс-Қазақстан облысының прокуратурасына кәсіпкерлік субъектілерімен Шығыс-Қазақстан облысы прокуратурасының функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

2. Шығыс-Қазақстан облысы прокуратурасының негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Шығыс-Қазақстан облысы прокуратурасының негізгі міндеттері:

1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру;

2) заңдылықты бұзуды, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың зардабын анықтау және жою;

3) құқық қорғау органдарының және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқық тәртібін және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіру;

4) заңда және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалған өзге де міндеттер.

15. Шығыс-Қазақстан облысы прокуратурасының негізгі функциялары:

1) заңда белгіленген шекте және тәртіппен:

мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және олардың лауазымды адамдарының, меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдар қызметінің, сондай-ақ олар қабылдайтын актілер мен шешімдердің;

атқарушылық іс жүргізудің және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізудің;

құқық қорғау органдарының және арнаулы мемлекеттік органдардың: сотқа дейінгі тергеп-тексеру, жедел іздестіру және қарсы барлау қызметі; қылмыстық жазаларды орындау және мемлекеттік мәжбүрлеудің өзге де шараларын қолдану; Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын сақтау салаларындағы қызметінің;

заңда айқындалатын өзге де бағыттар бойынша заңдылықты жоғары қадағалауды жүзеге асырады;

2) қылмыстық-процестік, азаматтық процестік заңнамада және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада көзделген негіздерде және тәртіппен сотта мемлекет мүдделерін білдіреді;

3) мемлекет атынан қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнамаға сәйкес қылмыстық қудалауды жүзеге асырады;

4) құқық қорғау органдарының және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқық тәртібін және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін осы органдардың өзара іс-қимылын, өзара ақпарат алмасуды және ортақ міндеттерді іске асыру кезінде олардың келісілген әрекеттерін қамтамасыз ету мақсатында үйлестіреді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функциялар.

16. Шығыс-Қазақстан облысы прокуратурасының негізгі құқықтары мен міндеттері.
Шығыс-Қазақстан облысының прокуратурасы:

1) қылмыстық-процестік заңда белгіленген негіздерде және тәртіппен әрекеттерді жүзеге асыруға және процестік шешімдер қабылдауға;

2) заңнамада көзделген жағдайларда және тәртіппен жедел-іздестіру қызметінің материалдарын, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді талап етуге, басшылардан және басқа да лауазымды адамдардан заңдылықтың жай-күйі және оны қамтамасыз ету бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы қажетті құжаттарды, материалдарды, статистикалық ақпаратты және өзге де мәліметтерді алуға;

3) заңда көзделген негіздерде және тәртіппен сот отырысына қатысуға және іс бойынша қорытынды беруге, соттан сот істерін сұратуға, сот актілерін қайта қарау туралы өтінішхат келтіруге;

4) заңда көзделген тәртіппен тексерістер жүргізуге, оларға қатысу және қорытындылар беру үшін мамандарды тартуға, сондай-ақ қауіпсіздікті және қадағалау қызметін қамтамасыз ету үшін басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлерін тексеруді жүзеге асыруға тартуға;

5) сараптамалар тағайындауға, прокуратураға келіп түскен материалдар, өтініштер бойынша уәкілетті органдардан тексерістер жүргізуді талап етуге және олардың нәтижелері туралы хабарлауды міндеттеуге;

6) құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесімен интеграцияланған ақпараттық жүйелер мен ресурстарда қамтылған мәліметтерге заңнамада белгіленген негіздерде және тәртіппен қол жеткізуге;

7) жүргізілетін тексеріс және қаралатын өтініш мәселелері бойынша лауазымды адамдарды, жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін түсініктемелер алуға шақыртуға;

8) негіздер болған кезде және заңда көзделген тәртіппен лауазымды адамдар салған тыйым салу немесе шектеу сипатындағы шаралардың күшін жоюды, заңсыз актінің қолданысын толығымен немесе ішінара тоқтата тұруды талап етуге;

9) әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада көзделген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғауға және тоқтатуға;

10) тексерістер жүргізумен байланысты құжаттар мен материалдарға заңнамада белгіленген тәртіппен қол жеткізуге;

11) нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеуге және қарауға қатысуға;

12) басқа мемлекеттердің мекемелерімен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жасауға;

13) заңдылықты және құқық тәртібін, қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету мақсатында құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы ақпараттық жүйелерді құруға және жетілдіруге қатысуға;

14) заңда көзделген өзге де әрекеттерді орындауға құқылы.

Шығыс-Қазақстан облысының прокуратурасы:

1) өз құзыретіне сәйкес адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін қорғауға;

2) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қараумен байланысты құжаттар мен материалдарды заңнамада көзделген шекте оларға танысуға ұсынуға;

3) заңдылықты бұзушылықтардың, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың алдын алу және анықтау, сондай-ақ кінәлі адамдарды жауаптылыққа тарту үшін заңда белгіленген тәртіппен прокурорлық ден қою актілерін және прокурорлық қадағалау актілерін қабылдауға;

4) тексерілетін субъектілердің қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіретін әрекеттерге (әрекетсіздікке) және актілердің қабылдануына жол бермеуге;

5) тексеріс барысында алынған құжаттар мен мәліметтердің сақталуын, мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;

6) заңсыз ұстап алынған және бас бостандығынан айыру орындарында, арнайы мекемелерде, мәжбүрлеу сипатындағы шараларды орындайтын мекемелерде, қызметтік үй-жайларда заңсыз ұсталатын адамдарды дереу босатуға;

7) өзінің қызметін халықтың сенімін арттыру басымдығымен жетілдіруге;

8) заңда көзделген өзге де өкілеттіктерді орындауға міндетті.

3. Шығыс-Қазақстан облысы прокуратурасының қызметін ұйымдастыру

17. Шығыс-Қазақстан облысы прокуратурасын басқаруды Шығыс-Қазақстан облысының прокуроры жүзеге асырады, ол Шығыс-Қазақстан облысының прокуратурасына жүктелген міндеттерді орындауға және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

Шығыс-Қазақстан облысы прокурорының орынбасарлары бар.

18. Шығыс-Қазақстан облысының прокурорын және оның орынбасарларын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры қызметке тағайындайды және босатады.

19. Шығыс-Қазақстан облысы прокурорының негізгі өкілеттілігі:

1) Шығыс-Қазақстан облысы прокуратурасының жұмысын ұйымдастырады, оның қызметіне және төмен тұрған прокуратураларға басшылық жасайды;

2) Шығыс-Қазақстан облысының Заңдылықты, құқық тәртібін және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесін басқарады;

3) Шығыс-Қазақстан облысының прокуратурасы атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

4) басқа да мемлекеттік органдармен, сондай-ақ өзге де ұйымдармен өзара қарым-қатынастарда Шығыс-Қазақстан облысының прокуратурасы атынан өкілдік етеді;

5) барлық бағынысты қызметкерлер мен жұмыскерлер үшін міндетті бұйрықтар, өкімдер шығарады;

6) өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Шығыс-Қазақстан облысының прокуроры болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Шығыс-Қазақстан облысының прокурорымен тағайындалатын орынбасарларының бірі жүзеге асырады.

20. Шығыс-Қазақстан облысының прокуроры өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4. Шығыс-Қазақстан облысы прокуратурасының мүлкі

21. Шығыс-Қазақстан облысының прокуратурасы заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлікті иелене алады.

Шығыс-Қазақстан облысы прокуратурасының мүлкі оған мемлекет берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Шығыс-Қазақстан облысының прокуратурасына бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Шығыс-Қазақстан облысының прокуратурасы өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне

бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Шығыс-Қазақстан облысының прокуратурасын қайта ұйымдастыру және тарату

24. Шығыс-Қазақстан облысының прокуратурасын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2017 жылғы 3 қарашадағы
№ 126 бұйрығына
17-қосымша

Бас әскери прокуратурасы туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Бас әскери прокуратурасы әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында заңдылықтың сақталуын заңда белгіленген шекте және нысандарда жоғары қадағалауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының мамандандырылған органы болып табылады, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

2. Бас әскери прокуратурасының төмен тұрған прокуратуралары бар.

3. Бас әскери прокуратурасы өз қызметін Конституцияға, халықаралық шарттар мен Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне, осы Ережеге, сондай-ақ өзге де құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады.

4. Бас әскери прокуратурасы мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрлері және өз атауы бар мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Бас әскери прокуратурасы азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Бас әскери прокуратурасы, егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Бас әскери прокуратурасы өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Бас әскери прокурорының бұйрығымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Бас әскери прокуратурасының құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Бас әскери прокуратурасының заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 14.

10. Бас әскери прокуратурасының толық атауы – "Бас әскери прокуратурасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Бас әскери прокуратурасының құрылтай құжаты болып табылады.

12. Бас әскери прокуратурасының қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Бас әскери прокуратурасына кәсіпкерлік субъектілерімен Бас әскери прокуратурасының функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

2. Бас әскери прокуратурасының негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Бас әскери прокуратурасының негізгі міндеттері:

1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру;

2) заңдылықты бұзуды, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың зардабын анықтау және жою;

3) құқық қорғау органдарының және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқық тәртібін және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіру;

4) заңда және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалған өзге де міндеттер.

15. Бас әскери прокуратурасының негізгі функциялары:

1) заңда белгіленген шекте және тәртіппен:

мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, олардың лауазымды адамдарының, меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдар қызметінің, сондай-ақ олар қабылдайтын актілер мен шешімдердің;

атқарушылық іс жүргізудің және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізудің;

құқық қорғау органдарының және арнаулы мемлекеттік органдардың: сотқа дейінгі тергеп-тексеру, жедел іздестіру және қарсы барлау қызметі; қылмыстық жазаларды орындау және мемлекеттік мәжбүрлеудің өзге де шараларын қолдану; Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын сақтау салаларындағы қызметінің;

заңда айқындалатын өзге де бағыттар бойынша заңдылықты жоғары қадағалауды жүзеге асырады;

2) қылмыстық-процестік, азаматтық процестік заңнамада және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада көзделген негіздерде және тәртіппен сотта мемлекет мүдделерін білдіреді;

3) мемлекет атынан қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнамаға сәйкес қылмыстық қудалауды жүзеге асырады;

4) құқық қорғау органдарының және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқық тәртібін және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін осы органдардың өзара іс-қимылын, өзара ақпарат алмасуды және ортақ міндеттерді іске асыру кезінде олардың келісілген әрекеттерін қамтамасыз ету мақсатында үйлестіреді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функциялар.

16. Бас әскери прокуратурасының негізгі құқықтары мен міндеттері.

Бас әскери прокуратурасы:

1) қылмыстық-процестік заңда белгіленген негіздерде және тәртіппен әрекеттерді жүзеге асыруға және процестік шешімдер қабылдауға;

2) заңнамада көзделген жағдайларда және тәртіппен жедел-ізвестіру қызметінің материалдарын, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді талап етуге, басшылардан және басқа да лауазымды адамдардан заңдылықтың жай-күйі және оны қамтамасыз ету бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы қажетті құжаттарды, материалдарды, статистикалық ақпаратты және өзге де мәліметтерді алуға;

3) заңда көзделген негіздерде және тәртіппен сот отырысына қатысуға және іс бойынша қорытынды беруге, соттан сот істерін сұратуға, сот актілерін қайта қарау туралы өтінішхат келтіруге;

4) заңда көзделген тәртіппен тексерістер жүргізуге, оларға қатысу және қорытындылар беру үшін мамандарды тартуға, сондай-ақ қауіпсіздікті және қадағалау қызметін қамтамасыз ету үшін басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлерін тексеруді жүзеге асыруға тартуға;

5) сараптамалар тағайындауға, прокуратураға келіп түскен материалдар, өтініштер бойынша уәкілетті органдардан тексерістер жүргізуді талап етуге және олардың нәтижелері туралы хабарлауды міндеттеуге;

6) құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесімен интеграцияланған ақпараттық жүйелер мен ресурстарда қамтылған мәліметтерге заңнамада белгіленген негіздерде және тәртіппен қол жеткізуге;

7) жүргізілетін тексеріс және қаралатын өтініш мәселелері бойынша лауазымды адамдарды, жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін түсініктемелер алуға шақыртуға;

8) негіздер болған кезде және заңда көзделген тәртіппен лауазымды адамдар салған тыйым салу немесе шектеу сипатындағы шаралардың күшін жоюды, заңсыз актінің қолданысын толығымен немесе ішінара тоқтата тұруды талап етуге;

9) әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада көзделген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғауға және тоқтатуға;

10) тексерістер жүргізумен байланысты құжаттар мен материалдарға заңнамада белгіленген тәртіппен қол жеткізуге;

11) нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеуге және қарауға қатысуға;

12) басқа мемлекеттердің мекемелерімен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жасауға;

13) заңдылықты және құқық тәртібін, қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету мақсатында құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы ақпараттық жүйелерді құруға және жетілдіруге қатысуға;

14) заңда көзделген өзге де әрекеттерді орындауға құқылы.

Бас әскери прокуратурасы:

1) өз құзыретіне сәйкес адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін қорғауға;

2) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қараумен байланысты құжаттар мен материалдарды заңнамада көзделген шекте оларға танысуға ұсынуға;

3) заңдылықты бұзушылықтардың, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың алдын алу және анықтау, сондай-ақ кінәлі адамдарды жауаптылыққа тарту үшін заңда белгіленген тәртіппен прокурорлық ден қою актілерін және прокурорлық қадағалау актілерін қабылдауға;

4) тексерілетін субъектілердің қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіретін әрекеттерге (әрекетсіздікке) және актілердің қабылдануына жол бермеуге;

5) тексеріс барысында алынған құжаттар мен мәліметтердің сақталуын, мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;

6) заңсыз ұстап алынған және бас бостандығынан айыру орындарында, арнайы мекемелерде, мәжбүрлеу сипатындағы шараларды орындайтын мекемелерде, қызметтік үй-жайларда заңсыз ұсталатын адамдарды дереу босатуға;

7) өзінің қызметін халықтың сенімін арттыру басымдығымен жетілдіруге;

8) заңда көзделген өзге де өкілеттіктерді орындауға міндетті.

3. Бас әскери прокуратурасының қызметін ұйымдастыру

17. Бас әскери прокуратурасын басқаруды Бас әскери прокуроры жүзеге асырады, ол Бас әскери прокуратурасына жүктелген міндеттерді орындауға және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

Бас әскери прокурорының орынбасарлары бар.

18. Бас әскери прокурорын және оның орынбасарларын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры қызметке тағайындайды және босатады.

19. Бас әскери прокурорының негізгі өкілеттілігі:

1) Бас әскери прокуратурасының жұмысын ұйымдастырады, оның қызметіне және төмен тұрған прокуратураларға басшылық жасайды;

2) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесін басқарады;

3) Бас әскери прокуратурасы атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

4) басқа да мемлекеттік органдармен, сондай-ақ өзге де ұйымдармен өзара қарым-қатынастарда Бас әскери прокуратурасы атынан өкілдік етеді;

5) барлық бағынысты қызметкерлер мен жұмыскерлер үшін міндетті бұйрықтар, өкімдер шығарады;

б) өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Бас әскери прокуроры болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Бас әскери прокурорымен тағайындалатын орынбасарларының бірі жүзеге асырады.

20. Бас әскери прокуроры өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4. Бас әскери прокуратурасының мүлкі

21. Бас әскери прокуратурасы заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлікті иелене алады.

Бас әскери прокуратурасының мүлкі оған мемлекет берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Бас әскери прокуратурасына бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Бас әскери прокуратурасы өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Бас әскери прокуратурасын қайта ұйымдастыру және тарату

24. Бас әскери прокуратурасын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Бас көлік прокуратурасы туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Бас көлік прокуратурасы көлік саласында заңдылықтың сақталуын заңда белгіленген шекте және нысандарда жоғары қадағалауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының мамандандырылған органы болып табылады, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

2. Бас көлік прокуратурасының төмен тұрған прокуратуралары бар.

3. Бас көлік прокуратурасы өз қызметін Конституцияға, халықаралық шарттар мен Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне, осы Ережеге, сондай-ақ өзге де құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады.

4. Бас көлік алық прокуратурасы мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрлері және өз атауы бар мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Бас көлік прокуратурасы азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Бас көлік прокуратурасы, егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Бас көлік прокуратурасы өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Бас көлік прокурорының бұйрығымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Бас көлік прокуратурасының құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Бас көлік прокуратурасының заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 14.

10. Бас көлік прокуратурасының толық атауы – "Бас көлік прокуратурасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Бас көлік прокуратурасының құрылтай құжаты болып табылады.

12. Бас көлік прокуратурасының қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Бас көлік прокуратурасына кәсіпкерлік субъектілерімен Бас көлік прокуратурасының функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

2. Бас көлік прокуратурасының негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Бас көлік прокуратурасының негізгі міндеттері:

1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру;

2) заңдылықты бұзуды, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың зардабын анықтау және жою;

3) құқық қорғау органдарының және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқық тәртібін және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіру;

4) заңда және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалған өзге де міндеттер.

15. Бас көлік прокуратурасының негізгі функциялары:

1) заңда белгіленген шекте және тәртіппен:

көлік және көлік инфрақұрылымы (оның ішінде республикалық және халықаралық маңызы бар автомобиль жолдары) объектілеріне және темір жол, автомобиль (қала ішіндегіні қоспағанда, жолаушыларды, жолжүктер мен жүктерді автомобильмен тасымалдау бөлігінде), теңіз, ішкі су, әуе көлігі, қалалық рельстік және магистральдық көлік құралы (су құбырларынан басқа), ғарыш жүйесіне қатысты өкілеттіктерді іске асыру кезінде көлік және кеден салаларында мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және олардың лауазымды тұлғаларының, меншіктік нысанына қарамастан өзге де ұйымдар қызметінің, сондай-ақ олар қабылдайтын актілер мен шешімдердің;

атқарушылық іс жүргізудің және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізудің;

құқық қорғау органдарының және арнаулы мемлекеттік органдардың: сотқа дейінгі тергеп-тексеру, жедел іздестіру және қарсы барлау қызметі; қылмыстық жазаларды орындау және мемлекеттік мәжбүрлеудің өзге де шараларын қолдану; Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын сақтау салаларындағы қызметінің;

заңда айқындалатын өзге де бағыттар бойынша заңдылықты жоғары қадағалауды жүзеге асырады;

2) қылмыстық-процестік, азаматтық процестік заңнамада және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада көзделген негіздерде және тәртіппен сотта мемлекет мүдделерін білдіреді;

3) мемлекет атынан қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнамаға сәйкес қылмыстық қудалауды жүзеге асырады;

4) құқық қорғау органдарының және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқық тәртібін және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін осы органдардың өзара іс-қимылын, өзара ақпарат алмасуды және ортақ міндеттерді іске асыру кезінде олардың келісілген әрекеттерін қамтамасыз ету мақсатында үйлестіреді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функциялар.

16. Бас көлік прокуратурасының негізгі құқықтары мен міндеттері.

Бас көлік прокуратурасы:

1) қылмыстық-процестік заңда белгіленген негіздерде және тәртіппен әрекеттерді жүзеге асыруға және процестік шешімдер қабылдауға;

2) заңнамада көзделген жағдайларда және тәртіппен жедел-ізвестіру қызметінің материалдарын, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді талап етуге, басшылардан және басқа да лауазымды адамдардан заңдылықтың жай-күйі және оны қамтамасыз ету бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы қажетті құжаттарды, материалдарды, статистикалық ақпаратты және өзге де мәліметтерді алуға;

3) заңда көзделген негіздерде және тәртіппен сот отырысына қатысуға және іс бойынша қорытынды беруге, соттан сот істерін сұратуға, сот актілерін қайта қарау туралы өтінішхат келтіруге;

4) заңда көзделген тәртіппен тексерістер жүргізуге, оларға қатысу және қорытындылар беру үшін мамандарды тартуға, сондай-ақ қауіпсіздікті және қадағалау қызметін қамтамасыз ету үшін басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлерін тексеруді жүзеге асыруға тартуға;

5) сараптамалар тағайындауға, прокуратураға келіп түскен материалдар, өтініштер бойынша уәкілетті органдардан тексерістер жүргізуді талап етуге және олардың нәтижелері туралы хабарлауды міндеттеуге;

6) құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесімен интеграцияланған ақпараттық жүйелер мен ресурстарда қамтылған мәліметтерге заңнамада белгіленген негіздерде және тәртіппен қол жеткізуге;

7) жүргізілетін тексеріс және қаралатын өтініш мәселелері бойынша лауазымды адамдарды, жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін түсініктемелер алуға шақыртуға;

8) негіздер болған кезде және заңда көзделген тәртіппен лауазымды адамдар салған тыйым салу немесе шектеу сипатындағы шаралардың күшін жоюды, заңсыз актінің қолданысын толығымен немесе ішінара тоқтата тұруды талап етуге;

9) әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада көзделген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғауға және тоқтатуға;

10) тексерістер жүргізумен байланысты құжаттар мен материалдарға заңнамада белгіленген тәртіппен қол жеткізуге;

11) нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеуге және қарауға қатысуға;

12) басқа мемлекеттердің мекемелерімен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жасауға;

13) заңдылықты және құқық тәртібін, қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету мақсатында құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы ақпараттық жүйелерді құруға және жетілдіруге қатысуға;

14) заңда көзделген өзге де әрекеттерді орындауға құқылы.

Бас көлік прокуратурасы:

1) өз құзыретіне сәйкес адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін қорғауға;

2) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қараумен байланысты құжаттар мен материалдарды заңнамада көзделген шекте оларға танысуға ұсынуға;

3) заңдылықты бұзушылықтардың, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың алдын алу және анықтау, сондай-ақ кінәлі адамдарды жауаптылыққа тарту үшін заңда белгіленген тәртіппен прокурорлық ден қою актілерін және прокурорлық қадағалау актілерін қабылдауға;

4) тексерілетін субъектілердің қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіретін әрекеттерге (әрекетсіздікке) және актілердің қабылдануына жол бермеуге;

5) тексеріс барысында алынған құжаттар мен мәліметтердің сақталуын, мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;

6) заңсыз ұстап алынған және бас бостандығынан айыру орындарында, арнайы мекемелерде, мәжбүрлеу сипатындағы шараларды орындайтын мекемелерде, қызметтік үй-жайларда заңсыз ұсталатын адамдарды дереу босатуға;

7) өзінің қызметін халықтың сенімін арттыру басымдығымен жетілдіруге;

8) заңда көзделген өзге де өкілеттіктерді орындауға міндетті.

3. Бас көлік прокуратурасының қызметін ұйымдастыру

17. Бас көлік прокуратурасын басқаруды Бас көлік прокуроры жүзеге асырады, ол Бас көлік прокуратурасына жүктелген міндеттерді орындауға және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады

Бас көлік прокурорының орынбасарлары бар.

18. Бас көлік прокурорын және оның орынбасарларын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры қызметке тағайындайды және босатады.

19. Бас көлік прокурорының негізгі өкілеттілігі:

1) Бас көлік прокуратурасының жұмысын ұйымдастырады, оның қызметіне және төмен тұрған прокуратураларға басшылық жасайды;

2) көлікте Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесін басқарады;

3) Бас әскери прокуратурасы атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

4) басқа да мемлекеттік органдармен, сондай-ақ өзге де ұйымдармен өзара қарым-қатынастарда Бас көлік прокуратурасы атынан өкілдік етеді;

5) барлық бағынысты қызметкерлер мен жұмыскерлер үшін міндетті бұйрықтар, өкімдер шығарады;

6) өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Бас көлік прокуроры болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Бас көлік прокурорымен тағайындалатын орынбасарларының бірі жүзеге асырады.

20. Бас көлік прокуроры өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4. Бас көлік прокуратурасының мүлкі

21. Бас көлік прокуратурасы заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлікті иелене алады.

Бас көлік прокуратурасының мүлкі оған мемлекет берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Бас көлік прокуратурасына бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Бас көлік прокуратурасы өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Бас көлік прокуратурасын қайта ұйымдастыру және тарату

24. Бас көлік прокуратурасын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2017 жылғы 3 қарашадағы
№ 126 бұйрығына
19-қосымша

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының күші жойылған кейбір құқықтық актілерінің тізбесі

1) Қазақстан Республикасы Бас Прокурордың "Бас әскери прокуратура" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" 2017 жылғы 27 наурыздағы № 33 бұйрығы;

2) Қазақстан Республикасы Бас Прокурордың "Бас көлік прокуратура" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" 2010 жылғы 8 қарашадағы № 304/6 бұйрығы;

3) Қазақстан Республикасы Бас Прокурордың орынбасары – Қазақстан Республикасының Бас әскери прокурорының 2002 жылғы 30 қаңтарда бекітілген " Алматы облыстық прокуратура туралы – мемлекеттік мекеме туралы ереже".